Мирас Университеті мекемесі
160012, Шымкент қ, Ғ. Іляев, 3
тел. +7 775 077 3000
+7 702 777 5533
e-mail: info@miras.edu.kz
www.miras.app

Учреждение Университет Мирас
160012, г. Шымкент, Г. Иляев, 3
тел. +7 775 077 3000
+7 702 777 5533
e-mail: info@miras.edu.kz
www.miras.app

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті қатысушылар мен жас зерттеушілер!

26-27 қараша айында 2026 жылы «Мирас» университетінде
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік **«Жас зерттеуші - 2026»**
атты конференциясы өтеді

Конференцияның мақсаты - студенттердің, магистранттардың және жас ғалымдардың арасында шығармашылық белсенділігін дамыту, заманауи ғылымның өзекті мәселелерін шешуге тарту, сонымен қатар студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми байланысу және білімдік дамуына ықпал ету болып табылады.

Конференция жұмысы аралас (онлайн және оффлайн) форматта ұйымдастырылады. Конференция аясында келесі іс-шараларды өткізу жоспарлануда: дөңгелек үстелдер, тренингтер, шеберлік сыныптары, дәрістер, кездесулер, презентациялар, семинарлар, сондай-ақ келесі бағыттар бойынша баяндамаларды тыңдау:

- Бизнес және басқару;
- Туризм және қонақжайлылықты басқару;
- Ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелер;
- Құқықтану;
- Педагогика және психология;
- Филология;
- Дизайн және көркем еңбек;
- Дене шынықтыру және спорт;
- Химия және биология.

Конференция **қазақ, орыс және ағылшын тілінде** өткізіледі.

Материалдарды жариялау және сертификаттар

Материалдар «StrikePlagiarism.com» жүйесінде тексеріледі.
Мәтіннің өзіндік дәрежесі кемінде 60% болуы керек. Деректердің дұрыстығы мен мақаланың сапасы үшін жауапкершілік авторға жүктеледі.

Қабылданған мақалалар конференция материалдарының электронды жинағында жарияланады. Конференция соңында барлық қатысушыларға электронды сертификаттар, ал жеңімпаздарға I, II, III дәрежелі дипломдар беріледі.

Конференцияның жауапты хатшысы: Шалбаева Акмира Рахматуллаевна
Анықтама телефон нөмері: +7-701-188-58-90
e-mail: msnpk2022@yandex.kz

Ұйымдастыру ақысы:
- Мирас университетінің студенттері мен магистранттары үшін электронды жинақтағы басылым **- тегін**;
- басқа қатысушылар үшін **- 3500 теңге.**

Төлем kaspi.kz қосымшасы арқылы қабылданады (төлемдер бөлімі - Мирас университеті - ЖСН және қатысушының аты-жөні). Төлем түбіртегі конференцияға қатысушының өтінішіне қоса тіркелу қажет. Конференцияға қатысу үшін өтініш ұсынылған үлгі бойынша толтыру қажет.

Мақаланы ресімдеуге қойылатын талаптар:

- конференция тақырыбына сай болуы керек;
- көлемі –А4 форматты 4 беттен аспауы керек;
- формат мәтіні – Word мәтіндік редакторында;
- шрифт - «Times New Roman», «KZ Times New Roman», 14 пт;
- шеттері: барлық жағынан - 2 см;
- жоларалық интервал –1;
- теңестіру - ені бойынша;
- азат жол– 1,25см;
- әдебиетке сілтемелер (нүктенің алдында) тік жақшада көрсетіледі.
- суреттер мәтінде бірінші сілтемеден кейін орналастырылады, суреттің атауы және реттік нөмері (Сурет 1 - Суреттің атауы) суреттің астында көрсетіледі, теңестіру – ортасында;
- кестелер мәтінде бірінші сілтемеден кейін орналастырылады, кестенің атауы және реттік нөмері (Кесте 1 - Кестенің атауы) кестенің үстінде көрсетіледі, теңестіру-сол жақ шеті бойынша, азат жолсыз;
- кесте мен суреттегі шрифт – 12пт-дан кем емес;
- мақала соңында әдебиет тізімдері ұсынылады.

Сол жақ жоғарғы бұрышында ОӘЖ көрсетіледі - азат жолсыз; желіден кейін ортасында – мақаланың/баяндаманың атауы (үлкен қалың әріптермен); желіден кейін ортасында – автордың тегі мен аты-жөнінің бірінші әріптері; келесі желінің ортасында – оқу немесе жұмыс мекемесінің, қаланың, елдің атауы.

Желіден кейін курсивпен, қысқаша түсініктеме/резюме: орыс тіліндегі мақала/баяндама үшін «түйін» және «summary», қазақ тіліндегі мақала/баяндама үшін «резюме» және «summary», ағылшын тіліндегі мақала/баяндама үшін «түйін» және «резюме» (курсив әріптермен);

Желіден кейін – негізгі мәтін, бір жоларалық интервалмен терілу керек; мәтінде [1] сілтеме түрінде пайдаланылған әдебиет тізімі, негізгі мәтіннен бір жоларалық интервал қалдырып көрсетіледі.

Әдебиет тізіміндегі дереккөздер мәтінде қалай көрсетілсе, солай орналасады және келесі ережелер бойынша рәсімделеді: автор(лар) тегі мен аты-жөнінің бірінші әріптері, дереккөз атауы, басылым орны, жариялау орны, жылы (конференция жинағы үшін – қаласы, елі, жылы), толассыз нөмірлеу.

Жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды сақтай отырып, материалды мұқият редакциялап ұсыну керектігіне сіздердің назарларыңызды аударамыз.

Ұйымдастыру комитеті ғылыми жаңалығы жоқ немесе грамматикалық қателігі бар материалдар үшін жауапты емес.

Ұйымдастыру комитеті материалдарды қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

Материалдарды жариялауға беру үшін соңғы мерзімі: **16 қараша 2026 жыл.**

Мақаланы рәсімдеу үлгісі

ОӘЖ (12пт.)

МАҚАЛАНЫҢ АТАУЫ (12пт)

Автордың аты-жөні (12пт.)
Ғылыми жетекшінің аты-жөні (*қажет болған жағдайда*) (12пт.)
Оқу орнының атауы, қала (12пт.)

Резюме: мәтін (12пт.)----------
Summary: мәтін (12пт.)----------

Мақаланың/ баяндаманың негізгі мәтіні (14 пт.)----------

Пайдаланылған әдебиет тізімі: (12пт.)

1.
2.

Конференцияға қатысушының өтініші:

Аты-жөні,тегі (толықтай)

Жұмыс/оқу орны (ұйымның атауы)

Байланыс деректері: тел., e-mail

Ғылыми жетекшінің аты-жөні, тегі, ғалымдық атағы, ғалымдық дәрежесі

Бағыттың атауы

Баяндаманың тақырыбы